

# ТІЛ БІЛІМІНЕ КІРІСПЕ

Тіл дегеніміз не?

1-тарау. Морфология. Синтаксис





Кітап: Тіл біліміне кіріспе  
Тарау: 1. Морфология. Синтаксис  
Дәріс: 1. Тіл дегеніміз не?

«Тіл дегеніміз не?» деп аталатын аталмыш дәрісімізде тілді жалпы зерттеудің қысқаша кіріспесі беріледі. Сепир-Уорфтың болжамына сүйенетін бұл тақырып қазіргі кезде тек студенттердің ғана емес, барлық тілге қатысы бар ғалымдардың, зерттеушілердің айрықша қызығушылығын туғызып отыр. Біз «Ой мен сана» мәселесін қарастырып, жануарлар «тілін» талдаймыз; тілдің пайда болуына қатысты мәселелерді зерттейміз және т.б. тілге қатысты басқа да тақырыптарды өрбітетін боламыз.

Адам кез келген іс-әрекет кезінде: ойнағанда, өзара бәсеке кезінде немесе көлік құрастырғанда бір-бірімен сөйлеседі. Біз досымызбен, серіктесімізбен, жұбайымызбен, ғашық адамымызбен, ата-анамызбен, бәсекелесімізбен, тіпті дұшпанымызбен де әңгіме-дүкен құрамыз. Қоғамдық көліктің жүргізушісімен және мүлде бейтаныс адамдармен де сөйлесеміз. Өз-өзімізбен бетпе-бет және телефон арқылы сөйлесеміз, сондай-ақ, көптеген сұраққа жауап береміз. Телеарналар мен радиода да сөз бар. Кез келген сәтте сөзден ажырамаймыз, армандаған кезде де сөйлесеміз. Біз тіпті жауап беретін ешкім болмаған кезде де сөйлесеміз. Кейбіреулер түс көріп жатып та дауыстап сөйлейді. Кейде үй жануарларымен де сөйлейміз.

Тіл – адамды өзге жаратылыстан ажырататын басқа белгілерге қарағанда ерекше. Адамзатты түсіну үшін бізді адам ететін тілдің табиғатын түсіну керек. Көптеген халықтардың аңыздары мен діни сенімінде көрініс тапқан философияға сәйкес, тіл – адам өмірі мен биліктің қайнар көзі. Демек, тіл жоқ жерде адам өзін адам ретінде таныта алмақ емес.

Біз кем дегенде бір тіл білеміз. Қанша тілді білсек те, олар туралы ойланбаймыз. Ешқандай кітапта орыс, ағылшын немесе зулу тілі туралы айтылмайды. Тілдегі сөздер сөздіктерде қамтылады, бірақ, онда сөйлемдер бірлі-жарым ғана болуы мүмкін. Адамдар өз бетінше белгілі ережелер бойынша сөйлейді және мүмкін болатын сөйлем құрылымдарын қолданады. Мұндай ережелер тілдің грамматикасының бөлшегі ретінде тілді меңгеруге, фонологияға, сөздердің ерекшеліктерін, морфология мен сөздік қорды, сөздер мен сөз тіркестерінің байланысу жолдарын, синтаксисті және дыбыстар мен сөздердің мағынасын ажыратуға, семантиканы үйретеді.

Жекелеген сөздердің дыбысталуы мен айтылуы бәрімізге қызық. Тіл білімі – тілдік іс-әрекеттен басқаша лингвистикалық қабілет. Миллиондаған сөзден сөйлем құрастыра алуыңыз мүмкін болғанымен, біздің оларды есте сақтап, игеру қабілетіміз шектеулі. Грамматиканың түрі көп. Дескриптивті грамматика сөйлеушінің тілдік білімі мен қабілетін көрсетеді. Бұл әрбір сөйлеушінің менталды грамматикасын білдіреді. Ол тілдік ережелерді оқытпайды, тек белгілі бір ережелер жиынтығын үйретеді. Оқытуға арналған грамматика – прескриптивті грамматика деп аталады. Ол тілдерді сипаттамайды, тек модельдерді үйретеді. Оқытушы грамматика шетел тілі немесе диалектілерді үйренушілерге өз тілінде үйренуге мүмкіншілік жасайды. Бұлар жайлы кейінірек нақты айтатын боламыз.

Тілді зерттеушілер әлем тілдерін зерттеуді көбейткен сайын зерттеу әдістері ерекшеленіп, олардың ерекшеліктері де шектеле бастады. Лингвистикалық әмбебаптар грамматиканың бір бөлігі ретінде ережелер мен олардың әртүрлі саласын зерттейді. Бұл ортақ қасиет әмбебап грамматиканың мақсатын білдіреді. Әмбебап грамматика адам тілінің ішкі құрылымын зерттеу арқылы балаларда тілдің тез даму мүмкіндігін анықтайды.

Балалар тілді қайталау арқылы үйренеді. Оларды тікелей оқытудың қажеті жоқ, олар туғаннан бастап өз дамуының барлық кезеңінде тілді меңгереді.

Егер тілді коммуникациялық жүйе немесе тілдік дыбыстарды тудыру жүйесі ретінде қарастырсақ, онда тіл – адамның құрамдас бөлшегі емес. Өйткені адам тілінің өзіндік ерекшелігі бар, ол жануарларда кездеспейді. Олардың басты ерекшелігі – шығармашылық-танымдық қабілеті, адамның белгілі бір «жақсы үлгіге» сүйене отырып, бұрын өзі естімеген немесе айтылмаған грамматикалық сөйлемдерді құрастыра алуы. Адам тілі – тілдік грамматикалық ережелер негізінде сөйлем құрастыру мүмкіндігіне ие. Оның тағы бір ерекшелігі – уақыт өте келе менталды немесе физикалық жағдайда өтіп кеткен нәрселер туралы айта алуымыз. Демек, басқа жануарлар тілінен адам тілінің айырмашылығы – тілдің дискреттігі және дескриптивтігі.

Тіл жайлы айтпас бұрын, меніңше тілдің дыбыстық жүйесі жайлы да айта кеткен жөн. Себебі, тілдің дыбыстық жүйесі – тіл білімінің фонетика саласында қарастырылады. Тіл білімінің құрылымы осы тілдегі дыбыстың айтылуын немесе таңбаның оқылуын білдіреді. Сөйлеушілер өзге тілде басқаша тәсілді қолданады. Мысалы, тек қана ағылшын тілінде сөйлейтін болсаңыз,



«foreign» сөзіндегі дыбыстың орнын ауыстыра аласыз, ал француздар мұндай жағдайда *ménage à trois*-ді қолданады. Егер олар секілді сөйлейтін болсаңыз, онда сіздің тіліңіз ағылшын тілінің дыбыстық жүйесінен өзгеше болғаны.

Ағылшын тілінде сөйлейтін француздар көп жағдайда *this* және *that* сөздерін *zis* және *zat* деп айтады. Бұл сөздерде қолданылатын ағылшын тіліндегі *th* дыбысы француз тілі аудиожүйесінің бөлігі емес, соның салдарынан француз тілінде сөйлейтіндер осы сөздерді қате айтады. Демек, дыбыстық қорға қарағанда, тілдің дыбыстық жүйесін білу өте маңызды.

Бұл дегеніміз – сөздің қандай дыбыстан басталып, қандай дыбыспен аяқталатынын айқындау деген сөз. Олай болса, сөздер қалай дыбысталады? Сөздердің дыбысталуы және дыбыс үлгілері – лингвистика білімінің тек бір бөлігі ғана. Біз дыбыстардың белгілі бір ретпен белгілі бір ұғымдар немесе мәндерді көрсететінін білеміз.

Ағылшын тілінде сөйлейтіндер *boy* сөзінің мағынасын және оның *toy* немесе *girl* сөздерінен басқаша екенін түсінеді. Сондай-ақ *toy* және *boy* ағылшын тіліндегі сөздер екенін, ал *toy* ол тілге жатпайтынын да білеміз. Егер тіл білсеңіз, сол тілде айтылған сөздерді де білесіз, демек, сіз сол сөздердің мағынасын, дыбысталуын, айтылуын да білетін боласыз.

Тіл білімі дыбыстардан сөз құрастыруға, сөздерден сөз тіркесін құрастыруға, сөз тіркесінен сөйлем құрауға мүмкіндік береді. Барлық тілдік қасиеттерді көрсететін кез келген тілдегі сөздікті сатып ала алмайсыз. Сөздікте барлық ықтимал сөйлемдер берілмейді, себебі, тілдегі олардың саны шексіз. Тілді меңгеру бұрын талқыланбаған жаңа сөйлемдерді құрау мен оны түсіну қабілетін білдіреді. Бұл – тілдің шығармашылық аспектісі. Әр сөйлеуші тамаша әдебиеттер жасай алмайды, бірақ, тіл білетін әр адам жаңа сөйлемдерді құрай алады және түсінеді. Тілдің бұл шығармашылық аспектісі жеңіл түрде сипатталады. Егер әрбір сөйлемді ұзартып берер болсақ, сөйлемдердің саны шектеусіз болар еді.

Мысалға ағылшын тілін алып көрелік: *This is the house.*

Немесе: *This is the house that Jack built.*

Немесе: *This is the malt that lay in the house that Jack built.*

Немесе: *This is the dog that worried the cat that killed the rat that ate the malt that lay in the house that Jack built.* Демек, сөйлемді осылайша шексіз соза беруге болады.

Олай болса, шығармашылық – адамзат тілінің әмбебап қасиеті. Біздің шығармашылық қабілетіміз тек айтқанымыздан көрінбейді, сонымен қатар, олар жаңа ұғымдар туралы түсінігімізді де көрсетеді.

Бір мысал келтірелік: «Ол жазық жерде желге қарама-қарсы бағытта билеп жүрген, қызғылт көйлектегі және жасыл береттегі жирафтар мен қыли көзді пілдер туралы армандаған, сол себепті, ол Батысқа алғашқы болып қадам басу туралы шешім қабылдады».

Мұндай сөйлем құрастыру мүмкін екеніне сену қиын. Өйткені ол грамматикалық тұрғыдан дұрыс болғанымен, еш логикаға сүйенбеген, мағынасыз сөйлем.

Біздің тіл туралы біліміміз жақсы қалыптасқандықтан, логикаға негізделгендіктен, шексіз сөйлем түзуге және түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ жақсы қалыптасқан, грамматикалық тұрғыдан нормативті емес сөйлемдерді ажырату мүмкіндігіміз де бар. Бұл біздің лингвистикалық шығармашылығымыздың тағы бір дәлелі, өйткені, бейграмматикалық сөйлемдер роман сияқты. Бұлар біз бұрын естіген немесе қолданыста жүрген сөйлемдер емес, себебі, олар грамматикаға бағынбайтын сөйлемдер.

Келесі сөйлемдерді талдап көрейік:

- a. What he did was climb a tree.
- b. \*What he thought was want a sports car2.
- c. Drink your beer and go home!
- d. \*What are drinking and go home?
- e. I expect them to arrive a week from next Thursday.
- f. \*I expect a week from next Thursday to arrive them.
- g. Linus lost his security blanket.
- h. \*Lost Linus security blanket his.



Көріп отырғаныңыздай, сөйлемдердің барлығы дерлік грамматикаға сай емес. Жұлдызшамен белгіленген сөйлемдер грамматикалық ережеге мүлдем бағынбаған. Демек, бұл – сіздің грамматикалық шығармашылығыңыз. Бұл сөйлемдерді талдау арқылы әрбір сөз тіркесінің тілде жақсы қалыптасқан сөйлем бола алмайтынын көре аламыз.

Бұдан шығар қорытынды, сөйлем бір сөзді кез келген тәртіппен қою арқылы түзілмейді. Грамматикалық ережелерге сәйкес тәртіппен орналасқанда ғана ол сөйлем қызметін атқара алады. Бұл ережелер біздің жадымызда сақталуы үшін олардың саны мен ұзақтығы маңызды. Сондай-ақ бұл сөздердің бірізділігі сөйлемнің дұрыс не бұрыс сөйлем екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Лингвистер осы ережелер жиынтығын тілдің грамматикасы ретінде бағалайды. Теориялық тұрғыда сөйлемнің ұзақтығына шектеу қойылмайды. Шын мәнінде, тілді білу мен оны қолданудың арасында айырмашылық бар. Бұл – біздің грамматика мен сөздер туралы біліміміз, біздің лингвистикалық біліктілігіміз және біздің осы лингвистикалық білімімізді сөйлеу әрекетімізде қолдануымыз бен түсінуіміз, лингвистикалық шығармашылығымыз арасындағы айырмашылық.

Біздің лингвистикалық біліміміз ұзын сөйлемдерді одан әрі жалғастыруға, сөйлемдер мен сөз тіркестерін біріктіруге немесе зат есімдерге анықтауыштарды қосуға мүмкіндік береді. Алайда физиологиялық және психологиялық себептерге байланысты сын есім, үстеу, сөйлем мүшелері және т.б. сөйлемде қолданылуына бірқатар шектеулер қойылады.

Олай болса грамматика деген не? Біздің ойымызша, грамматика дегеніміз – сөйлеушінің өз тілі туралы ережелерді білуі, оның қатарына сөздердің дыбыстық құрылымы, фонология, сөзжасам ережелері, бұл – морфология, сөздер мен сөз тіркестерінің байланыстыру ережелері – синтаксис, мағынаны анықтау туралы ережелер – семантикаға жатады. Тілдегі сөздердің жиынтығы біздің лингвистикалық білімімізді көрсетеді.

Тілдің табиғатын түсіну үшін грамматикалық ережелерді түсіну қажет. Сөйлеушінің тілдік қабілетінің деңгейін лингвист белгілі бір үлгі арқылы түсіндіре алса, бұл грамматика мен тілді табысты сипаттау болып саналады. Мұндай үлгілер дескриптивті немесе сипаттамалы грамматика деп аталады. Сипаттамалы грамматика бізге қалай сөйлеуді үйретпейді, керісінше, тіл туралы негізгі түсінігімізді қалыптастырады. Бұл пән сізге қалай сөйлеу, түсіну және тұжырым жасауға болатынын, тілімізде қандай дыбыстар, сөздер, тіркестер мен сөйлемдер бар екенін түсіндіреді.

Тіл немесе оның диалектілері лингвистикалық жағынан өзгеше емес. Кез келген грамматика өзінше логикалық тұрғыдан күрделі және кез келген ойды жеткізу үшін шексіз сөйлемдер құрастыра алатын мүмкіндікке ие. Белгілі бір сөз тіркесін бір тілде немесе диалектіде құрастыру мүмкін дегеніміз, оны келесі тілде немесе диалектіде құрастыруға мүмкіндік бар дегенді білдіреді.

Бұрынғы грамматистер де, қазіргі кездегі грамматистер де грамматика өзгеріссіз деген пікірді ұстанбайды. Қай кезде де тіл пуристері кейбір тілдік ережелер басқа тілдік ережелерден дұрысырақ деп ойлайды. Өйткені олардың пікірінше, білімді адамдар тілдік нормаларды біліп, «дұрыс» сөйлеп, жаза білуі шарт, оны бұзу – тілді бұрмалаумен тең. Бұл бағытты I ғасырда гректер, VIII ғасырда араб ғалымдары және XVIII–XIX ғасырда көптеген ағылшын грамматистері ұстанған. Олар грамматикалық ережелерді анықтағаннан гөрі құрастырумен айналысқан. Бұл бағыт прескриптивті грамматиканың пайда болуына түрткі болды.

Қайта өрлеу дәуірі кезеңінде «орта тап» өкілдерінің балалары арасында «жоғарғы таптың» диалектісін қолданып сөйлеуге тырысушылық байқалған. Бұл прескриптивті грамматика зерттеулеріне деген қызығушылықты туғызды.

1972 жылы епископ Роберт Лоуф «Ағылшын грамматикасын сыни талдаудың қысқаша кіріспесі» деп аталатын зерттеуінде ағылшын тіліне қатысты көптеген ережені сипаттады.

Грамматикасын баспаға ұсынар алдында «жоғары тап», «орта тап», «төменгі тап» өкілдерінің ешқайсына өзін жатқызбайтынын қатаң ескертті.

Әйтсе де, Лоуф «екі бұрыс нәрсе бір дұрыс нәрсе жасауға көмектесетінін» айта келе, «олар менде жоқ, оның болмауы ережелердің біртекті болуына әкелді», – дейді. Көптеген ережелер латын тілінің грамматикасы негізінде құрастырылып, ағылшын тілі үшін маңызды болды. Лоуфтың беделі күшті болғандықтан, жаңа тап өкілдерінің барлығы оның тілінде «дұрыс»



сөйлеуге тырысты. Оның грамматика ережелерінің көпшілігі заң тұрғысынан қабылданып, жоғары өкілетті тұлғалар аталмыш тілдік диалектіні қолдана бастады.

Лоуфтың прескриптивті грамматикасы дескриптивті грамматикаға қарағанда басқаша. Оның мақсаты – тілдегі заңдылықтарды сипаттау емес, адамдар бағынуы тиісті тілдік грамматикалық ережелерді үйрету.

Атақты британ премьер-министрі Уинстон Черчилль бұл ережелерге қарсылығын былай деп білдірді: «Бұл барып тұрған ақымақтық, мен бұны қолдана алмаймын».

Барлық халықтың тілдері мен диалектілері толығымен көркем және логикалық тұрғыдан дұрыс деп есептеледі. Өйткені олар жүздеген, мыңдаған жыл бұрын дүниеге келген. Бұл дәрістен кейін тілдің байлығы мен кедейлігіне, күштілігі мен әлсіздігіне, сауаттылығы мен сауатсыздығына қарамастан, барлық тілдер мен диалектілердің дұрыс екеніне көз жеткізе аламыз деп үміттенемін. Кейбір грамматикалар мен дәстүрлер қоғамдағы рөліне қарай қоғамдық және саяси себептерге байланысты басқаларынан жоғары болуы мүмкін. Алайда олардың теориялық тұрғыдан қолданысы төмен қоғам мүшелері тілдерінің грамматикасынан ешқандай артықшылығы жоқ.

Дескриптивті грамматика сөйлеуші тілінің ішкі ережелерін сипаттауға тырысады. Грамматиканы оқыту стандарт тілді немесе диалектіні білмейтін адамдар үшін қоғамдық және экономикалық тұрғыдан өте пайдалы. Грамматиканы оқыту шетел тілін оқыту курстарында қолданылады. Оны оқыту арқылы шетел сөзін, олардың дыбысталуын, тілдік ережелерді, әсіресе олардың қолданысын үйренуге болады.

Белгілі бір тілге тән ережелер, мысалы, ағылшын, араб, зулу немесе басқа тілдің жеке грамматикалық ерекшеліктерін білдіреді, кейінірек ол барлық тілге таралады. Белгілі бір тілді үйрену мен қолдану осындай ортақ ережелерге қызығатын адамдар арасында «faculty of language», тілдер тобы ұғымын қалыптастырды. Тілдік универсалдарға деген қызығушылық адамзат тарихында ерте уақыттан бері бар. Ежелгі ғалымдар арнайы грамматиканың бөлігі ретінде тіл табиғатындағы ортақ грамматикалық жағдаяттарды дамыту идеясын қолдағанын біз білеміз.

Ортақ заңдылықтар барлық тілдің ортақ грамматикасын дамытуға септігін тигізеді. Латын, грек немесе суахили тілін екінші шетел тілі ретінде үйренгісі келетін студенттер жаңа тілдің өз тілдерімен ортақ заңдылықтарын біліп, ерекшеліктерін түсініп, назар аударғаны жөн. Шетел тілін үйренушілер жаңа тілді үйрене бастаған кезде өздері байқамастан көптеген ережені меңгереді. Олар тілдегі дыбыстар жиынтығын, әліпбиді біліп, сөздер мен сөз тіркестерін үйренеді. Сөздердің арасынан етістіктер мен зат есімдерді, тілдік универсалдардың грамматикалық категорияларын табады.

Олар сұраулы сөйлем құрастыру, бұйрық рай сөйлемдері, өткен шақ пен келер шақ туралы толығырақ біле түседі. Жалпы, көптеген ереже адамдарды сөйлемдерді түсінуге, сөйлеуге үйретеді. Лингвистер адамзат тілін тереңірек зерттеген сайын Хомскийдің «эмбебап грамматика – адамның биологиялық қабілетінің бөлшегі» деген көзқарасын қолдаушылар саны арта түсуде. Эмбебап грамматиканы барлық тілде кездесетін, жаңа туған нәрестенің тіл үйренуі үшін қажет ережелер мен жоспар ретінде қарастыруға негіз бар. Ол арқылы тілдің әртүрлі ережелерімен олардың арасындағы қарым-қатынасты құрылымдау сияқты т.б. мәселелерді қарастыруға болады.

Демек, эмбебап грамматиканың негізгі мақсаты – тілдің табиғатын ашу. Егер тілдің құрылымдық жағынан күрделі екенін ескерсек, бұл мақсатқа жету мүмкін емес. Себебі ғылыми теориялар әлі де толық емес, жаңа болжамдар ұсыну ешқашан тоқтамақ емес. Теориялардың өзгеруі тың жаңалықтарға алып келеді.

Эйнштейннің тартылыс заңы теориясынан кейін дамыған физика ғылымы сияқты эмбебап грамматика да адамзат тіліне жаңалықтар әкелуде. Бұл бағыттың негізгі жетістігі – әртүрлі тілдерді салыстыра зерттеу мүмкіндігінің пайда болуы.

Лингвистикалық теория ересек адамның өз тілі туралы не білетінін сипаттаумен шектелмейді, сонымен қатар, оның меңгерген тілін де сипаттайды. Барлық дамып келе жатқан балалар кем дегенде бір тілді белгілі бір уақыт көлемінде оңай меңгереді. Олар тілді ата-аналары мен тәрбиешілері ешқандай тіл үйрету бойынша нұсқау бермесе де үйренеді. Мәселен, айналасындағы адамдардың сөйлегенінен «жинау» арқылы үйрене алады.



Тілді сол сияқты виртуалды түрде де меңгеруге болады. Олардың ұл немесе қыз болуы, кедей немесе бақуатты отбасынан болуы, қалада немесе ауылда өсуі, үйде немесе қоғамдық ортада болуы барлығы да тілді меңгеру кезінде әсер етуші маңызды факторлар. Балалар үшін тілді меңгеру кезінде олардың қай тілді меңгергені маңызды емес, олар үшін ағылшын, дат, француз, суахили, жапон тілі ме, айырмасы жоқ. Олар тілді үйренген кезде өз ортасындағы тілдің өзіндік ерекшеліктеріне қарай үйренеді. Мысалы, барлық бала дыбысты қайталау кезеңінен өтеді, бірте-бірте сөздерді қосып айта бастайды, кейінірек күрделі сөйлемдерге өтеді.

Бауын байлай алмайтын балаға бірден беске дейін санау немесе күрделі грамматикалық құрылымды меңгеру еш қиын емес. Балалардың мұндай когнитивті ерекшелігі олардың тілге деген қызығушылығынан туындайды. Тіл білімін ересектерше үйрену тілдік компоненттерге негізделеді. Бұл – біз жоғарыда айтып өткен әмбебап грамматика компоненттері. Балалар тілді ешқандай күш жұмсамай-ақ оңай үйренеді, өйткені, олар белгілі бір грамматикалық ереже-лерге сүйенеді. Әмбебап ерекшеліктер, тіл заңдылықтарының барлығы да биологиялық құбылыс.

Тілдің түрі көп. Солардың бірі – саңыраулар қолданатын тілдік белгілер, бұл ым-ишара тілі. Бұл – барлық тілдің белгілі бір әмбебап қағидатқа бағынатынының бұлтартпас дәлелі.

Құрама Штаттардағы саңыраулар қоғамының негізгі тілі – америкалық ым тілі, оның ағылшынша атауы ASL, American Sign Language.

ASL – Францияда қолданылатын ым тілінің дамыған нұсқасы, оны 1817 жылы Құрама Штаттарда ұлы ағартушы Томас Хопкинс Галлодет дамытты.

ASL сияқты басқа да ым тілінде ойды білдіру кезінде дыбыс қолданылмайды. Оның орнына ишара белгілер жүреді қол, басқа дене мүшелері немесе бет қозғалысы арқылы сөздер мен грамматикалық құрылымдарды білдіреді. Ым-ишара тілін қолданушылар тіл мен ауыздың орнына қолы мен қимылы арқылы ымдап білдіреді, бұл кезде Finger Fumblers динамикасы арқылы тілдік қатынас жүзеге асады.

Адамдар сияқты көптеген жануарлар да кейбір коммуникация түрлерін игерген. Адамдар да тілдік қарым-қатынастан басқа ымдау, бас изеу, бет қимылы сияқты қатынас құралдарын қолданады. Бұл жердегі маңызды сұрақ – адамдардан басқа жаратылыс иелері коммуникация құралын адам сияқты қолдануы мүмкін бе, әлде бұл тек адамның ерекше шығармашылық қабілеті ме?

Жануарлар мен жәндіктер коммуникацияның вербалды емес түрін қолданады. Өрмекшілер өз бетінше күрделі қарым-қатынас жасай алады. Өрмекшінің еркегі ұрғашысына сезімін білдіру үшін көптеген ымдау белгісін қолданады. Бірнеше рет оның айналасында жүріп, өзінің жеуге арналған шыбын емес екенін көрсетеді. Мұндай ым-ишара түрі сан алуан. Адамзат баласы өрмекші сияқты соншалықты алуан түрлі қырындау әрекетін орындай алмайды. Осыған ұқсас ымды шаяндар да қолданады. Олар өз «тобы» ішінде қырықтан астам іс-қимыл мен қозғалыс жасау арқылы белгі береді. Олар қимыл уақытын, қозғалысы мен тұрыстарын кез келген уақытта еш өзгеріссіз қайталап бере алады. Осы арқылы олар ішкі сезімін, ойын білдіреді.

Адамзат тілінің өрмекшілер, шаяндар мен басқа тіршілік иелерінен ерекшелігі – тілінің дискретті болуы. Адамзат баласының тілі ымдау жүйесі арқылы құрылмаған. Мұнда дискретті бірліктер – дыбыстар, сөздер, сөз тіркестері белгілі бір грамматикалық ережелер бойынша құрастырылған. Адам тілі, әрине, әртүрлі. Біз қолданатын сөздер мен сөйлемдер ішкі және сыртқы ынталандыруға берілген жауаптар. Егер шаршап жатсаңыз, есіней аласыз немесе «шаршадым», «ұйықтаймын» деп дауыстап айта аласыз. Тыныштық сақтау немесе физикалық жағдайыңызбен мүлдем байланысты емес нәрселер туралы айту, мысалы, күн райы, өткен түнде көрген фильм, демалыс күндеріне арналған жоспарларыңыз немесе ең қызықты оқиғалар туралы әңгімелеу сіздің лингвистикалық біліміңізді көрсетеді.

Лингвистер адамдардың мұндай ерекшелігін «адам тілінің сыйымдылығы» деп атайды, бұл адамның сөйлесе алу, хабарлама беру сияқты қабілеттері. Олай болса, орын алмасу немесе сипаттау – құстар мен басқа жануарлардан ерекшелетін, адамзат тілінің қолданбалы екенін анықтайтын коммуникация жүйесі болып табылады.

Құстар әуенінің адам тіліне ұқсауы олардың даму ерекшелігіне байланысты. Көптеген ересек құстардың әуені бірнеше сатыдан тұрады. Бұл балалардың тілді меңгере бастаған кезіне ұқсайды. Жас құстар әуеннің оңай нұсқасын орындайды, кейінірек ересек құстардан үйрену арқылы әуендері күрделене түседі. Олардың әнді үйрену ұзақтығы құстардың түріне қарай ерекшеленеді.



Сөйлейтін жануарлар туралы ойлау – адамдар арасында кең тараған ұғым. Барлық мәдениеттерде сөйлейтін жануарлар туралы аңыздар бар. Батыс Африкада балалар «Өрмек-ші адам» туралы ертегіні тыңдап өседі. Америкалықтар арасында «Койот» ең сүйікті ертегі кейіпкері және олар үшін көптеген Аесоп жануарлары адам тілінде сөйлей алады.

Багз Банни, Микки Маус, Дональд Дак барлығы да Америка мәдениетінің кейіпкерлері.

Айталық, ертегі кейіпкері Доктор Дулиттл қасиетті Францис сияқты барлық жануар тілін біледі. Шын мәнінде, көптеген жануарлар адам тілінің ым-ишара жасау қабілетін біледі. Сөйлейтін құстар, мысалы, тотықұстар адам тілін, сөздер мен сөз тіркестерін айтуды үйрене алады, бірақ, бұл олар адам тілін меңгере алады деген сөз емес.

Ақын Уильям Купер былай дейді: «Тотықұстар сөйлейтін адам тілі тек қайталаудан тұрады, ал әңгімелесу деген басқа нәрсе».

Сөйлейтін құстар белгілі бір нәрсе туралы өз ойын айта алмайды.

Адамның ойы мен сөйлеу арасындағы қарым-қатынас та өте қызық мәселелердің бірі. Айналамыздағы дүние туралы ойымыз біздің күшті табиғи қолданбалы қасиетімізді білдіреді. Бұл туралы 1984 жылы Джордж Оруэлдің керемет туындысында анық көрсетілді. Соңғы жылдары тіл мен ойлаудың арасындағы байланыс көптеген пікір тудыруда.

Эдуард Сепир мен оның студенті Бенжамин Уорфтың пікірінше, адамның қоршаған ортаны қабылдауы оның тіліне тікелей әсер етеді. Сондықтан бұл болжам бойынша 1929 жылы Эдуард Сепир былай деп жазды: «Адамдар объективті өмірде өз бетінше өмір сүрмейді, тілді пайда болғызған олардың әлеуметтік белсенділігі емес, бірақ, олардың тілі қоғам арасындағы қажетті сөз тіркестерін дүниеге алып келді».

Ал Уорф мынадай тұжырым жасады: «Кез келген тілдің бастапқы лингвистикалық жүйесі, грамматика идеяларды жарыққа шығаратын құрал емес, керісінше, ол идеяларды тудырушы, адамның ойлау механизмін басқарушы құрал әрі бағдарлама, осы арқылы адам өз пікірін талдауға, өзінің менталды жүйесін басқаруға қызмет етеді...». Сепир-Уорф тұжырымы лингвистикалық детерминизм деп те аталады, тіл арқылы біз қабылдаған және ойымызға оралған пікірлерімізді білдіреміз. Бұл көзқарас бойынша, тіл шындықтың сүзгісі қызметін атқарады.

Лингвистикалық детерминизмнің көптеген ерекшеліктерін кейде қате түсініп жатады. Мысалы, Хопи тілінде белгілі бір шақтарды білдіретін жалғаулар болмауы мүмкін, бірақ, бұл тілде шақтар категориясын білдіретін басқа уақыттық формалар: апта күндері, күндік атаулар, кеше және бүгін, ай атаулары, мерзім атаулары секілді сөздер бар.

Хопи тілінде көптеген күнтізбе нұсқалары мен күн шығуына байланысты уақыт өлшемдері кездеседі. Шын мәнінде тілдегі шақтар жүйесі уақыттың күрделі ұғымына жатады.

Сепир-Уорф болжамы біз сөйлейтін белгілі бір тілдің біздің дүниеге деген көзқарасымызға қатысын қарастырады. Бұл болжамды қолдаушы бұрынғы дәлелдердің көбі уақыт өте келе ақталмады. Қорыта келе айтарымыз, соңғы эксперименттер сөз бен грамматиканың таным мен есте сақтау және категориялау аспектілеріне әсер ететінін көрсетіп отыр.